




Презентация

Тақырыбы: Терминология. Термин құрастыру




Термин (лат.terminus - шек, шекара) – ғылым мен техниканың, өнердің, қоғамдық тұрмыстың, т.б. саласындағы белгілі бір ұғымның немесе заттың дәл (ауыспалы немесе бейнелі түрде емес) мағынасын білдіретін немесе нақты мән-сипатын аңғартатын сөз. Сондықтан кез-келген сөзді термин деп тани алмаймыз. Осы орайда академик Ә.Қайдардың: «Терминнің бәрі – сөз, ал сөздің бәрі – термин емес», - деген пікірі, М.Ізімұлының: «Термин қалыптастыру - көзсіз аудармалау, жасанды сөзжасам тудыру, «қазақы» балама жапсыру емес» деген ойларының астарында үлкен мән жатқандығы ескерілу қажет.



Терминдерді оқытудың басты мақсаты:

Болашақ маманға мамандыққа байланысты ана тіліндегі сөздерді үйретіп, сөздік қорын байыту. Термин сөздерді келешекте қызмет барысында қолдану олардың білімді де, іскер, өз саласын жетік меңгерген жан-жақты терең білімді маман болуына аса қажет. Сонымен қатар, студенттер термин жүйесін үйреніп, кәсіби сөздерді меңгеру үшін ғылыми - техникалық стильде жазылған шығармалармен жұмыс істеуі қажет, яғни оқытушы студенттің ғылыми әдебиетпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, сол арқылы ғылыми – зерттеу жұмыстарына икемдеуі қажет. Себебі, мамандыққа байланысты термин сөздерді меңгертуде сақтық қажет. Бұдан шығатын қорытынды: термин сөз бұлтартпас логикалық жіктеу ережесіне бағынуы шарт. Сонымен қатар терминнің құлаққа сіңімді, көкейге қонымды болуын қадағалап отырған жөн






**Ғылым мен техникада терминдердің мәні күшті.
Ғылым мен техниканың белгілі бір саласын меңгеру
үшін сол салаға тән терминдердің мағынасын,
ғылыми мәні мен білдіретін ұғымын жете түсіну
қажет.**


**Термин жасауда негізгі мынадай тілдік тәсілдердің
басты нысанаға алынатындығы баршамызға аян.
Біріншіден, қазақтың өз сөздерін термин қатарына
тарту, екіншіден, туыстас түркі тілдерінің сөздік
қорын және озық тәжірибелерін пайдалану,
үшіншіден, халықаралық терминдерді алғанда
тіліміздің дыбыстық ерекшеліктерін ескеру**




Терминдер түрлі жолдармен жасалады:



1. Әдеби тілде бұрыннан бар кейбір төл сөздер терминдік мағына алып, белгілі саланың терминологиясына телінеді де, сонда әбден орнығып қалыптасады. Мысалы, қазақ тіліндегі айналым (оборот), құн (стоимость), нұсқау (инструкция) т.б сөздер білімнің әр саласында қолданылатын термин сөздерге айналып, қалыптасып кетті.



2. Ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларында қатысты терминдердің ішінде дүниежүзіндегі тілдердің бәріне ортақ көптеген терминдер сөздердің халықаралық қоры болып саналады да, интернационалдық терминдер деп аталады. Мысалы, роман, дирижер, циклон, поэма, синтаксис.т.б.




3. Терминдердің туынды түрлерін қабылдау қажет болғанда, олардың түбір тұлғасы аударылмай, сол қалпында қабылданады да, ал кейбіреулерінің орыс тіліндегі қосымшаларының орнына қазақ тілінде сайма-сай келетін қосымшалар жалғанады. Мысалы, аграрный-аграрлық, редактировать-редакциялау, т.б.



Кәсіби терминдермен жұмыс жасауда термин сөздердің – аударылу және жасалу ерекшеліктеріне көңіл бөлу қажет.

Сонымен қатар жаңа сөздерді өткен грамматикамен байланыстырып түрлендіру, олармен сөз тіркестерін жасау, сөйлемдер құрастыру сияқты жұмыс түрлері жаңадан үйренген атауларды есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Тіл үйренушілерге терминдерін меңгерту үшін ең алдымен сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастыра білу керек. Сөздіктермен жұмыс негізінен, белгілі бір мамандыққа байланысты аударма және түсіндірме сөздіктер көмегімен іске асатыны белгілі. Сондықтан әрбір сабақта сөздік жұмысын дұрыс пайдалану қажет. Таныс емес сөздердің мағынасын жан-жақты ашып, әр сөзге нақтылы талдау жасатып, ол сөздің стильдік мүмкіндігін тиімді пайдаланып отырамыз.



Белгілі бір терминді сөздік арқылы меңгерту үшін ең алдымен, тіл үйренушінің өзіне берілген сөзді сөздіктен іздетіп, таптыру қажет; екіншіден, оны тақтаға жаздыртып, дұрыс айтуға машықтандыру қажет; үшіншіден, жаңа терминнің ұғымын кең ашу үшін оларды қатыстыра отырып, сөз тіркесін жасату, сөйлем құрату, ол сөздердің контекстегі мағынасын ашу қажет; төртіншіден, жаңа сөздерді тірек сөз ретінде пайдаланып, мәтін, диалог, әңгіме, құрастыру қажет.

Тіл үйретуде сөздік жұмысын орнықты жүргізу тіл үйренушінің тілін ұстартып, ойлау, сөйлеу дәрежесін жетілдіре түседі. Термин сөздердің мағынасын ашуда төмендегідей әдіс-тәсілдер қолданамыз:

- терминдердің қазақша баламасын ең адыммен өздеріне аударту, кейін сөздіктегі нұсқасымен салыстыру;

- синоним сөздермен ауыстыру;

- салыстыру арқылы ұқсас белгілерді тапқызу;

- антонимдер тапқызу;

- сөзді контекске енгізу;

- сөзге құрылымдық талдау жасату;


- түсіндірме немесе терминологиялық сөздіктерден қаратып, мағынасын ашу.

Осындай әдіс-тәсілдерді дұрыс қолданатын болсақ, мамандыққа қатысты терминдерді тиімді меңгерте аламыз. Әр терминді өз орнына дұрыс қолдана алатын, өз ойын дұрыс жеткізе алатын білімді маман даярлау үшін тіл дамыту жұмыстары жүргіземіз. Тіл дамыту жұмыстарының барлық түрі лексикалық материал негізінде тіл үйренушілерге мәтіннің мазмұнын игеру барысында жүзеге асады.

Мәтін - негізгі құрал. Мәтінді толық және дәл ұғыну оның ішіндегі сөздердің мән-мағынасын түсініп, білуге байланысты.

Кәсіби мәтін мен жұмыс түрлеріндегі терминдерді меңгерту жолдарымен үйлестіре беру үшін:

- лексикалық тақырыпқа құрылған қазақша мәтіннен алынған жеке термин сөздердің мағынасын ашу;
- мерзімді басылым беттерінен алынған материалдың орысша мәтінін аударту, термин баламасына мән беруін қадағалау;
- өзара мағыналас бірнеше тірек сөз-терминдерді ұсынып, шағын мәтін құрастыру;
 - мәтін ішіндегі түсінуге қиын сөздерден сөздік жұмысын жүргізу;
- мәтін ішіндегі термин сөздер алып тастап, мазмұнына сәйкес толықтыру талап етіледі.



Терминдерді түсіндіру, игерту мақсатында өзара тілдік қатынас жасауы төмендегідей сөйлеу түрлері арқылы жүргізуге болады: 1) ұжымдық; 2) екеуара; 3) жеке-дара сөйлеу .

Термин сөздерді үйрету тек жалаң сөздер тізбегі беріліп, оларды көшірумен немесе жаттатумен іске аспайды. Уақыт талабына сай, кәсіби білімі жоғары, жан-жақты білікті маман тәрбиелеу үшін: 1) термин сөздерді жеке тіркесі, сөйлем, мамандыққа қатысты мәтіндер түрінде өзара бірлікте алу; 2) баспасөз материалдарымен студенттердің өз бетімен жұмыс жасауын жетілдіру; 3) алынған материалдардың тәрбиелік мақсатына баса назар аударып отыру керек.

